

Жаңаөзен қаласы шағынаудандарының көшелеріне ат қою туралы

Маңғыстау облысы Жаңаөзен қалалық мәслихатының 2009 жылғы 07 қыркүйектегі № 20/145 шешімі және Жаңаөзен қаласының әкімдігінің 2009 жылғы 07 қыркүйектегі № 1405 қаулысы. Жаңаөзен қаласы Әділет басқармасында 12 қазанның 2009 жылғы № 11-2-119 тәркелді.

Қала халқының Жаңаөзен қаласының шағынаудандарындағы көшелерге ат қою туралы талаптарын (пікірлерін), қалалық ономастикалық комиссиясының осы мәселелер жөніндегі ұсынысын ескере отырып, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Заңының 13 бабына сәйкес, қалалық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ** және қалалық әкімдік **Қ А У Л Ы** **Е Т Т І :**

1. Жаңаөзен қаласының шағынаудандарындағы көшелерге төмендегідей аттар қ о й ы л с ы н .

Мұнайлы шағынауданы бойынша:
«Спортивная» көшесіне - Сарбөпеев Қуанғали
«Строительная» көшесіне - Ысқақов Сағынтай
«Мичурин» көшесіне - Сатыбаев Қылышбай

2. Жаңадан аталған көшелер аттарын жаздыртып қою қала әкіміне тапсырылсын.

3. Осы шешім және қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы
Қала әкімі

Қалалық мәслихат хатшысы

М.Сарыев

Т.Мусаев
Ж.Бабаханов